



Автор: Ербатырова Гульфайруз Мендикереевна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Тақырып: Я дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру 1.2.9.2. дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну(я,ю,е дыбыстары-қосарлы дыбыстар) және дұрыс оқу 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: • Я дыбысы мен әріпті таныту, жазу, ажырату Көптеген оқушылар: • Я дыбысының , дауысты дыбыс,дыбыстық талдау жасау Кейбір оқушылар: • Сурет бойынша мәтін құрастыру
Тілдік мақсаттар:	Саяз,зиян
Күтілетін нәтиже:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Бағалау критерийлері:	- әріпті таниды, ажыратады және оны дыбыспен сәйкестендіреді - Яя дыбыстарының қосарлы дыбыс екенін меңгереді - буындап оқиды, буын санын анықтайды, сөздерді тұтас оқиды - Сауатты ұқыпты жаза біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Ата-баба салт-дәстүрін дәріптеу. Халық ауыз әде-биетінің ұлттық құндылықтарға толы мол мұраларын ұрпаққа насихаттау. Оқушыларды ұлттық кейіпкерлердің бойындағы ержүректілік, батылдық, тапқырлық қасиеттеріне баулу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану.Жаратылыстану
Бастапқы білім:	Дыбыс, буын түрлерін біледі. Әріптерді ажырата біледі. Сөз, сөйлемдер, шағын мәтіндерді оқиды. Я әрпінің айтылу, жазылу ерекшеліктерімен танысады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (40)</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: 1. Шаттық шеңбер Біз бақытты баламыз Ойнап, білім аламыз Сауат ашу пәнінде Оқып, жазу жазамыз. Ендеше,оқушылар, бір бірімізге күліп,көңілді кейіп көрсетіп, сәттілік тілейміз. 2. Мен не үйрендім? -Дыбыс дегеніміз не? -Әріп дегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? Өткен әріптерді қайталау,сөздер жазып,буындық,дыбыстық талдау жасау. Жұппен тексеру. Өткен әріптерді еске түсіреді.Сөздер жазады. Буындық,дыбыстық талдау жасайды. 3.Оқушыларды суреттер арқылы топқа бөлу. I топ: «Ертөстік» II топ: «Түлкі мен ешкі» III топ: «Алдаркөсе» (Оқушылар ұлттық кейіпкерлердің суреттерін алу арқылы топтарға біріктіріледі) Суреттегі ұлттық кейіпкерлерді атайды.Топқа бөлінеді.Ертегі түрлерін атайды.</p>	
<p>Сабақтың ортасы (40)</p>	<p>4.Айтылым. Тосын сәт. Бүгін бізге қонаққа ұлттық кейіпкеріміз Алдаркөсе келеді. -Балалар, оның қолында қобдишасы бар екен. Қобдишада заттар бар екен.Біздер оларды атап көрейік. Тақия,қоян,пияз,қияр. Сөздердің ішінде таныс емес қандай дыбыс? Яя-баспа Яя-жазба. Я- дауысты дыбыс. Я дыбысын хормен айтқызу. Я дыбысының артикуляциясын меңгерту. -Я дыбысы й+а дыбыстарының қосындысынан тұратындығын, оның осы екі дыбыстың қосарлана айтылуынан жасалғанымен, бір әріппен ғана таңбаланатынын ұғындыру. 5.Оқылым. Сөздерді буындап, тұтастай оқу. Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей оқыту. аяқ аяз қоян қияр тақия таяқ саяз шаян пияз зиян 1.Сөздерді буындап дұрыс оқи алады 2. Буын санын анықтайды, сөздерді тұтас оқи алады 3.Сөздердің мағынасын түсінеді Түсініксіз сөздермен жұмыс. Саяз,шаян,зиян.Қобдишаға сөздерді есте сақтау үшін салып қою. 6.Жазылым. Көркем жазу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. Қолымызға қалам алып,я дыбысын ауада бірге жазып көрейік. - әріп бөліктерін дұрыс салады; - жазу жолының жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазады; - әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады; Бала,бала балапан I топ: «Ертөстік» Буын-ұйқас Я-Я, Құстар салды... ұя. Яз-яз ащыПияз. Яр-яр дәмді ...Қияр. Ян-ян қорқақ .. Қоян. II топ: «Түлкі мен ешкі» Суретке әңгіме құрау,я дыбысынан келетін сөзді табу. III топ: «Алдаркөсе» Моншақ тізбегін құрастыру. Аяз, шаян. -Буын ұйқасын құрастырады. - суретке әңгіме құрай алады,я дыбысынан келетін сөзді табады. - әріптерден сөздер тізбегін құрастырады. ҚБ: смайлик</p>	
<p>Сабақтың соңы (40)</p>	<p>Кері байланыс: «Қалт етпей қағып ал» ойыны I топ: 1. Бүгін қандай дыбыспен таныстық? 2. «Шаян» сөзін буынға бөл.</p>	
<p>Рефлексия (40)</p>	<p>Кері байланыс «Әр топ,кейбір оқушының жинаған жетонын санау арқылы бағалап, мадақтау.</p>	